

# ULY DALA MURASY

QOLJAZBALAR JÁNE SIREK KITAPTAR ULTTYQ ORTALYGY



# АБАЙДЫҢ ХАКІМДІГІ ТУРАЛЫ



**Ғарифолла Есім**

*ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы*

**Мақалада автор «хакім» ұғымына жан-жақты талдау жасап, хакім Абайдың шығармашылығы мен дүниетанымын зерттеудің әдіс-тәсілдері туралы баяндайды.**

**Түйін сөздер:** Абай, хакім, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов.

Даналарды ұғатын данышпандар болар деген түсінік тегін айтылмаса керек. Абайдың бұрын-соңғы казак акын-жырауларына ұқсамайтын даралығын алғашқы аңғарғандар: Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаев.

Мағжан 1912 жылы «Шолпан» журналында «Алтын хакім Абайға» деп арнайы өлең арнаса, Ахмет 1913 жылы «Қазак» газетінде Абайды «Қазактың бас акыны» деп көлемді мақала жариялады.

Осы екі кісінің айтқандары жарты ғасырдан, нақтылы айтсақ, 80 жылдан аса уақыттан кейін жаңғырып, Абайды «хакім» деп атау, Абайды «казактың бас акыны» деп мойындау қалыптасқан түсінікке айналды.

«Хакім» деген ұғым туралы бірер сөз. Мағжан «Алтын хакім Абайға» деп өлең жазғанда, бұл ұғымды аспаннан алған жоқ, ол казак халқының ойлау менталитетінен, бұл ұғымның баршама

жұртқа түсінікті болғаны үшін алған. Хакім деген Абайдың заманындағы ел аузындағы түсінікте ақыл-ойдың аса үздік дара адамына катысты айтылған. Қазактар: Ұлықпан хакім, Платон хакім, Аристотель хакімдерді білген. Бұл бір.

Екіншіден, Абайдың өзі «хакім» деген ұғымды тек қолданып қоймай, оны байытқан. Ол отыз сегізінші сөзінде: «хакім дегендер әрбір істің себебін іздеушілер» дейді де, Сократты хакім деп атаған.

Абай түсінігінде хакім статусы өте биік. Ол аталған сөзінде, «әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім – ғалым» деген, осы ойларға орай Абай нақлия және ғаклия деген ұғымдарға түсінік береді, ол ғаклия сөз айттым деген. Ғаклия сөз – істің себебін зерттеушілер сөзі. Нақлия болса бар нәрсені айту. Осы тұрғыдан келгенде Абайдың кара сөздерінің мәніне бара бермеушілік байқалады. Абайдың 45 сөзінің бәрі – ғаклия сөздер,



эринен оларда нақлия элементтері бар. Сондықтан бұл сөздерді кезінде «нақыл сөздер» деп едік, қазір қазақ тіліндегі басылымдарда бұл түсініктерден бас тарттық. Ал орысшада әлі де «слова назидания» (нақыл сөздер) делініп жүр. Бұл шындыққа бастамайтын түсінік. Абай хакім, ол мораль айтушы, терме айтушы емес. Сірә, дұрысы «Абайдың кара сөздері» болса керек.

Мағжанның Абайды алтын хакім дегеніне назар аударудың мәнісі бар. Мағжан Абайды хакім деп 1912 жылы айтқан. Ол кезде қазақ құдайынан айрылмаған, Алласын мойындаған кезде адамдар сөзді байыппен сөйлеген, себебі Аллаға қатысты сөз бар. Алланың сөзі бар, адамдарға (пенделерге) қатысты сөз, адамның сөзі бар. Әрбір сөздің қисыны (логикасы) бар. Ақынның өзі айтқандай:

*...Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны  
Алласы...*

Сондықтан Мағжан Абайды сөздің қисынына орай «хакім» деп атаған.

Құдайсыз дәуірде біз сөз қисынын бұздық. Аллаға айтылатын сөзді адамға айттық. «Ұлы» деген сөзді басында дінсіз көсемдерге колданып, бойымыз үйренгеннен кейін, оны Алланың, құдайдың, яғни Жаратушының эпитеті екенін де ұмыттық.

Ұлылық тек жаратушыға қатысты айтылатын сөз. Мұны Мағжанда, Ахмет те білген, сол себепті колданбаған. Егер бүгін біздің Жаратушыны, Құдайды, Алламызды мойындағанымыз рас болса, әрбір сөзді өз қисынымен колдануға көшкеніміз дұрыс.

Абайды хакім десек кателік жоқ, ол

хакімге тек анықтама беріп қоймай, хакімдіктің мәнін қарастырған. Ол айтады: бұл дүниеде біз үш түрлі адамдардың сонынан ереміз, олар: әулиелер, пайғамбар (нәбилер) және хакімдер, - дейді.

Абай осылардың бас-басына тоқталады. Алғашқы сөз әулиелер туралы. Әулиелер елден безіп, оңаша өмір сүріп, Алланың дидарына ғашық болып, дүниенің қызығын тәркі етушілер. Абай бұл жолды құптамайды. Әулиелікке сын айтады. Алласы пендесіне нәпсі береді, оған ерік береді. Үйлен, бала өсір, мал бақ, - деді. Әулие болса бұған қарсы, өзінің Алласы берген нәпсісін тиюшы, Абай «бұл Алла, ақиқат жолы емес» деген мәселеге келеді.

Абай адамның дүниеге қызығуын, «мағмұрлық» деп атайды. Дүниеге, өмірге қызықпайтын, оның рахатын іздемейтін адам жоқ, себебі адамның дүниеге мағмұрлығы да Алла әмірімен болған іс.

Пайғамбар соңынан ерсек, олар «ол дүние» туралы айтады. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі пенделері үшін жаратқан қазыналарды кім іздейді? - дейді Абай.

Әулие мен пайғамбардан кейін Абай хакімдерге тоқталады. «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді» - дейді. Міне, бізге Абайдың қажеттілігі, оған біздің зәрулігіміз осында. Хакім Абай сияқтылар болмаса, дүние ойран болады. Онда біз жақсы мен жаманды, керек пен керексізді ажыратудан қаламыз. Абай айтқандай, әділеттілік сөзімізден, яғни адамшылығымыздан ада боламыз.

Сөздің қысқасы, ақын айтқандай, періште мен шайтанды тани алмай шатасамыз.

Абай хакімдер туралы айта отырып, өзінің хакімдігін айқын көрсеткен. Ол хакімдерсіз дүние ойран болады дей келе, бірақ хакімдер өзге дінде болуы да ықтимал дейді. Мысалы, Сократ хакім мұсылман емес.

Абай хакімді бір дін ғана шеңберінде алмайды, ол адамзатқа ортақ тұлға болғандықтан, оның қай дінде болғаны шешуші мәселе емес. Сондықтан біз Абайды бір дін шеңберінен асқан Сократ, Платон сияқты бүкіл адамзатқа ортақ хакім деуімізге толық негіз бар.

Абайдың хакімдігі туралы сөз болғанда, айтпай кетуге болмайтын үлкен мәселеге, періште мен шайтанға қатысты, әсіресе соңғысына орай айтылатын ойлар терең. Абай дүниетанымына тереңдеген сайын шайтан туралы бұрынғы түсініктеріміз өзгере бастайды. Абай Михаил Лермонтовтың «Демон» атты поэмасының бастапқы екі бөлімшесін «Шайтан» - деп аударған. Абай аудармалары ешқашан сөзбе-сөз, балама іздеуден тұрмайтыны белгілі. Ол аударма мәселесінде соншама еркін, тіптен «Шайтан» - деп аталатын он шумақтан тұратын өлеңді аударма деудің өзі қиын. Абайды үнемі өлеңдегі идея қызықтыратынға ұқсайды. Осы жолы да солай болған. М.Лермонтов «Демон» туралы толғанса, Абай қазақ тіліне сіңісті ұғым «Шайтан» дегенге терең талдау берген. Алдымен Абай «Шайтан деген кім?» - деген сауалға принципті түрде жауап берген. Шайтан құдайдың қуған жаны. Бұл мәселеде М.Лермонтов пен Абай арасында қайшылық жоқ,

орыс мәтінінде де солай. Құдай қуған жан дегеннің бойында бүркемеленіп тағы бір сауал тұр, ол шайтанды құдай не үшін қуған? - деген сауал. Міне, осыдан бастап Шайтанның кім екені анықтала бастайды. Шайтанның шайтан атануының басты себебі, оның теңеспейтін теңдесі жоқ құдірет мүмкіндігіне күдік келтіруі. Теңдесі жоқ нәрсе – жалғыздық. Жалғыз болу Жаратушыға тән, әрі ол жалғыздықтың сыры да Жаратушы үшін мәлім, өзгелер үшін – құпия. Шайтан болуға ынталы болған періште осы құпияға қол созған. Сол әрекеті үшін лағнетке душар болған періште шайтанға айналған. Лағнет беруші Тәңір. Сөйтіп:

*Ол күнде нұрлы бейіш ішінде екен.*

*Өзі де періштелер түсінде екен.*

(Абай. Алматы «Жазушы», 1995. 2-т., 57-б.)

Қалпынан, яғни періштелігінен арылып, өзге күйге түсіп, «шайтан» деп атаған. Періштенің шайтанға айналуы әлемдік тарихтың басталуы. Жер бетінде жана дәуір басталды, оның мазмұны періште мен шайтанның бір-біріне қарсылығы. Неліктен жағдай осылай болды дегенге нақтылы жауап жоқ, тек болған істі баяндау ғана бар, тыңдаңыз:

*Босағасы кең еді, төрде орын тар,*

*Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.*

*Жалғыздық – бір тәңірдің сыбағасы,*

*Өршілдікпен лағнетке болған душар.*

(57-б.)

Абай болған істің себебін өршілдіктен көреді. Бұл қанағаттанарлық себеп пе, әрине жоқ, өршілдіктің несі



нашар. Өршілдік табиғатында намыс, жігер, қайрат, қуат сияқтылар жатыр. Оларсыз мәселе қандай мәнге айналмақ? Сірә, шайтандықтың себебі тек өршілдікте емес, одан өзге басты себеп болуы керек. Діни мифтерде мұны Жаратушының жер бетіне адамды жаратқанына наразылық дейді. Онда Шайтанның күнәсі Жаратушы ісіне қол сұққандығында немесе оның шеберлігіне шек келтіргендігінде. Бір сөзбен айтқанда, Жаратушы hareketін тек құптап қоймай, оған мін такқанында. Сонда оған мұндай өр сана қайдан келген. Сірә, мұндай өршілдік шайтанға жаратушының өзінен ауысқан, демек, шайтандықтың себебі – Жаратушының өз болмысында бар нәрсе. Олай дейтінім, көп кейін өзі жаратқан Адам Ата ұрпағы шайтандық әрекеттерді қабылдап, жер бетін шайтан ісі қаптап кетпеді ме? Қабыл туысы Абылды өлтірді. Осы дәстүр әрине, періштелік емес, шайтан салған дәстүр болатын. Сонымен шайтандықтың себебі Жаратушының өз құпиясы деген түйінмен тоқталып, енді Шайтанның М.Лермонтов, Абай айтқан сипаттарына тоқталайық.

**Бірінші сипаты.** Шайтанның жалғыз болғысы келгендігі.

**Екінші сипаты.** Шайтандық қуыс кеуделік. Оны Абай былайша білдірген:

*Алладан қарғыс алған кеудесінен,  
Сүю мен сол сағатта сенім кетті.  
(57-б.)*

**Үшінші сипаты.** Шайтан адамның – жауы. Оны Абай былайша бейнелеген:

*Адаммен содан бері болды кекті,  
Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті.  
Не қылғанмен қуанар болмаған соң,  
Несіне жер дүниеге пәле септі.  
(57-б.)*

**Төртінші сипаты.** Шайтанда дос жоқ, яғни оған достық деген ұғым беймәлім.

*Алласыз дос таппады, сыр таппады,  
Неше мың жыл кезсе де төңіректі.  
(57-б.)*

**Бесінші сипаты.** Шайтанның үмітсіздігі.

**Алтыншы сипаты.** Шайтанның бүлікшілдігі. Шайтан жамандыққа тоймайды, ол антұрған, сондықтан да, оның бүлік шығарушы екендігіне еш таңқалуға болмайды. Адам баласы білетін бүліктің зоры – революция. Зорлық дегеннің өзі жамандыққа тоймаудан туады, антұрғандық жоғарыда айттық кеудеден сүю мен сенімнің кетуі. Антұрған жанда сүю мен сенім болмайды. Мұндай жан жанжалға, бүлікшілікке даяр тұрады. Абай шайтанның бұл сипаты туралы былай дейді:

*Күніне неше бүлік шығарса да,  
Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді.  
(57-б.)*

Бүлік шығарушылық шайтандық болғанымен, оның табиғатында да білмекке құмарлық жатыр. Себебі, бүлік те танымның әлеуметтік бір формасы. Сондықтан бүлікке негізделген ілімдердің алғашқы кезеңінде жақтаушылар көп болмақ. Бүлік көпшілікке негізделген, тобырлық сана. Топты ергіп әкету және оны адам болмысына қарсы әрекетке бастау шайтандық, бірақ мәселе осымен аяқталмайды. Күніне неше бүлік шығарса да, еңбегім жанды деп сүйінбейді, яғни өзінің атқарған ісіне разы емес, қанағатсыз. Шайтанда қанағат, тәуба жоқ. Адам

шайтан ормегінен аман болса, ол қанағаты, тәубасы бар салиқалы жан. Егер де адамның бойын шайтандық билеп кетсе, оның қанағатты, тәубасы болмағаны, демек, шайтан мен адамның айырмашылығы жойылып кетпек. Абай шайтанды бүлікші дегенде ол тек бүлік шығарушы деп отырғаны жоқ, кім болмасын бір бүлікті шығарып алуы мүмкін, содан кейін оны екшелеп, милап өз күнәсін өзі мойындауға дейін баруы ықтимал, бұл жерде адамды шайтанның жеңе алмағаны айқын аңғарылады. Абай болса шайтан күніне неше бүлік шығарса да, оған қайғыруы не разы болуы жоқ, демек бүлікшілдік оның табиғатында, онсыз шайтан жоқ.

Осылайша, Абай он шумақтан тұратын өлеңін шайтанның сауалымен аяқтайды, бірақ оған жауап беруге ыждаһат етпеген, себебі шайтанның сауалына, оның адамға құрметі жоқ, бітпес өші бар. Өмірі де, ақылы да қысқа – адамның шайтан түсінбейтін құпиясы бар, ол құпия сыры шайтанға беймәлім, ал Адамға белгілі. Құпия сыры белгілі дейтініміз, Адамның екі дүниеден Үміті бар, шайтанда Үміт жоқ. Үміт адамның Жаратушысына деген махаббатында, соған деген сенімінде, өз ісіне деген жауаптылығында, барға разылығында, тәубасында, ізгілік ісіне жұмылуында. Міне, адамның байлығы осындай қасиеттермен анықталмақ, олай болса адам несіне уайым тұңғиығына түсе бермек. Жанына жар болатын (Шәкәрім бойынша) Жаратушысы бар, сондықтан ол біледі, қайғы берген, сонымен қоса қуаныш, құт берген. Шайтан үлесінде тек қана мұң (печаль), онда қуаныш жоқ, себебі үміт санасы жоқ. Сондықтан оның адамнан кемістігі бар, шайтан содан мұңды.

Шайтан мұңдылықтың бір-ақ жағында, оның екінші сәулелі жағы қуаныш бар, оны ол қабылдай алмайды, өйткені қарғыстың мәнінің өзі осыда болатын. Қарғыс деген қуануға салынған тиым. Антұрғанда құт болмайды. Адамға Жаратушы құт берген, шайтанға бермеген, бірақ оған адам баласын азғындауға, адал жолдан тайдыруға, зұлымдыққа бастауға ерік берген. М.Лермонтов поэмасында Демонның (шайтанның) аузына мынандай сөз салған: «Я царь познания и свободы» - деп (С.64). Осы мәнде Абай шайтан туралы: «Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген», - дейді. Өлшеусіз нәрсені өлшемек болу шайтан әрекеті. Өлшеусіз нәрсе не нәрсеге сыймақ? Шайтан болса бос әуре, арам тер боп өлшеусізді өз түсінігіне сыйғызбақ. Шайтан философиясы «түгел білем»-ге құрылған, сөйтіп ол «көз жетпесті көп көздеген». Мақаланың басында шайтан алғашқы философ деген пікір білдіріп едік, ол абсолюттік мәндегі жайларды проблема етіп қойған, бірақ түсіндіре алмаған. Проблеманы түсіну ақылы да, өмірі де кенде болғанымен адам үлесіне қалған. Соны шайтан қабылдай алмай, соны сауалға айналдырған.

Шайтан және шайтандық туралы екі ақын бірін-бірі толықтырып отырған, мысалы М.Лермонтов Демонның әлі өзі болмай тұрған халін былайша түсіндірген:

*В пространстве брошенных светил;  
Когда он верил и любил.*

*Счастливый первенец творенья!*

*Не знал ни злобы, ни сомненья,...*

*(С.47)*

Демонның алғашқы халының



сипаттары онда сенім бар, сүю бар, бақытты, зұлымдық жоқ, күдік жоқ. Ал, енді осы хал бізді қызықтыра ма? Мұндай қалыпта ешқандай проблема жоқ, бәрі орын-орнында. Сірә, адамның жұмактан қуылуының сырының өзінде осы әлемге проблемаларды әкелу қажеттілігі болса керек. Жұмак проблемасыз өмір. Проблемасыз өмірдің несі қызық. Ендеше әлемге сол қызықты әкелген – Демон (Шайтан). Ол әлемге не әкелді, сенімсіздік, жеккөрушілік, зұлымдық және күдік. Бәрін қосып айтқанда, ол әлемнің гармониясына, Тәңірдің шеберлігіне күдік әкелді. Күдік – проблема басы. Одан бәрі шайтан қажет еткендей әлем күрделене берді, күрделене берді, адамның адамға деген өшпенділігі өрши түсті, оны түсіндіретін және тарқататын неше түрлі ілімдер, концепциялар өмірге келді. «Алғашқы жаратылған бақытты жан» (М.Лермонтов) дүниеге бәле септі, сөйтіп ол Демон (Шайтан) атанды.

Әрі қарай айтсақ, Абайдың хакімдігіне бас иген Ахмет Байтұрсынов жоғарыда айтылған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында: «...Абайдың терең пікірлі сөздерін карапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құдды осының мағынасы не деп сұрағандары да бар... Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау» - деп Ахмет «Көк тұман алдындағы келер заман» - деп басталатын 8 шумақты өлеңді толық келтірген.

*...Ақыл мен жан – мен өзім, тән –*

*менікі*

*«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі*

*«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,*

*«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі...*

Бұл өлеңді Абай 1897 жылы жазған, бірақ «мен» және «менікі» деген философиялық проблема 1895 жылы жазған өлеңінде бар:

*...Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес,  
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей  
білмес...*

Абайдың бұл көтеріп отырған проблемаларын сонау Заратуштрадан бүгінге дейінгі хакімдер сараптауда. Бірақ ешқандай ойшыл бұл мәселелердің мәніне жетпеген. Бұл әлемдік сұрақтарға олардың жауабы жоқ. Біз адамның дүниеден қайтуын, яғни «менікінің» өлуін факт ретінде білеміз, оны көріп жүрміз, ал «менің» мәңгіліктігін тек топшылаймыз.

«Мен» және «менікі» деген мәселелердің әңгімесі ұзақ, мен қысқаша ғана айтсам, Абай адам өлмейтін шындық дегенді өмір мәнін әдеттегідей өзінің карама-қарсы ұғымы – өліммен түсіндіріп отырған жоқ. Абай ұғымында «мен» мен «менікінің», өлім мен өмір арасында ешқандай карама-қарсылық (қайшылық) жоқ. Абай – адам «менікінің» өлмейтінін адамның өз болмысынан, өмірдің болмысынан шығарып отыр. Егер адам табиғат сияқты өлсе, онда өмірдің мәні неде? Адамның мәңгілігі өмір болмысының негізі. Адам мәңгі болған соң дүние

рас, адам мәңгі болған соң адам туралы шындық бар. Адамның мәңгілігі Алланың барлығын растаушы өлшем.

Адамның мәңгілігі – ақиқат, бірақ соны түсіну бар да, әрі түсіндіру бар. Абай осы ақиқатты түсінген, біздің борышымыз, яғни ғалымдар борышы соны түсіндіру немесе түсіну.

Бізге ақыл мен жанның, яғни «менікінен» айрылған соң қайда барып тұрақтайтыны, қандай субстанциялық күйге түсетіні белгісіз. Абай айтуынша, жан тұрағы – Әллә мәкән. Бірақ, оның да бізге мекені беймәлім. Осы дүниетанымдық зор мәселелерді Абай қалай түсінген. Осы мақсатта мен «Хакім Абай» деген кітап жаздым. Оның қазақшасы 1994 жылы, орыс тілінде 1996 жылы жарық көрді.

Абайды хакім деп мойындаған соң, біз қазақта, жалпы түркі жұртында қандай хакімдер бар деген сұраққа жауап іздейміз. Құдайға шүкір, түркі әлемінде хакімдер баршылық, олардың біразының есімін атайын: Иоллығтегін, Баласағұн, Фараби, Қорқыт, Йассауи, Науаи, Асан-қайғы т.б.

Сөзді жинақтай айтсақ, Абай хакімдігінің тағы бір қыры – оның адамшылығында. Қазақ тілінде «адамгершілік» деген түсінік жиі қолданылады, бірақ бұл түсінік Абайда жоқ, ол адамшылық туралы айтады, тегі осы ұғымды қолданған дұрыс болар - деген пікірдемін.

Хакім Абай адамшылықты Ғамалус салих (ізгі іс) принципінде шешкен. Бұл мәнде Абайдың адамшылығы (гуманизмі) мен мұсылмандығы сәйкес келеді. Абай бұл тұста пайғамбарымыздың хадис-шарифіне сүйенген, онда мынандай ой бар: «адамның жақсысы адамға жақсылық

жасаған адам». Бұл мұсылмандықтың принципі. Сондықтан да Абай гуманизмі оның мұсылмандық туралы ойларымен мәндес келуі заңды. Бұл бір мәселе.

Екіншіден, Абай адам еркін шектемеген. Абай ұғымында Алла жаратушы ғана, жарылқаушы емес. Адам өзін-өзі жарылқауға міндетті. Ол үшін харекет керек. Абайдың сондықтан 38-ші қарасөзінде «ғұмырдың өзі хақиқат» деген пікірге келген. Абай ұғымында адам ғұмырынсыз болмыс мәнсіз. Ғұмыр – хақиқат. Алла тағала – адам ғұмырының өмір сүру кеністігі. Ол – алғашқы себеп, ол – идея, ол – мүмкіндік. Мүмкіндікті шындыққа адам харекеті арқылы айналдыруы керек. Ол үшін мал мен жан аямайтын жол бар. Ол – ғылым жолы, хакімдік жолы, - дейді Абай.

Абай шығармашылығы туралы соңғы уақытта мерзімді басылым беттерінде мақалалар көптеп жариялануда. Мұның бәрі орынды істер. Абай шығармашылығы таусылмайтын алтын қазына. Бірақ Абай жөнінде жеңіл-желпі сөз айтудан сақтанған жөн. Немесе, кейбір авторлар сияқты Абайдан пайғамбар жасаушылық та басы артық әрекет. Әркімнің тарихта алатын өз орны бар. Мәселе, Абайдың дүниетанымындағы алатын орнын анықтау, яғни Абайды объективтік мәнде тану. Бұл жеңіл шаруа емес. Басында жалаңдап кіріскенімізбен, нақтылы зерттеу жұмысына араласып кеткенде, ең алдымен алдымыздан айқайлап шыққан қиындық, ол зерттеудің методологиясы болды. Бұрынғы маркстік-лениндік, материалистік диалектика принциптерімен Абай сияқты данышпанды зерттеу, оны



тағы да қалыпқа салып, артық-кемін алып қоссақ бос әуреге түсу болар еді. Мені қинаған осы мәселе болды. Ақыры ойлана-ойлана зерттеудің тәсілі де табылды. Ол – герменевтикалық тәсіл. Бұл нақтылы текске (мәтінге) талдау жасау тәсілі болатын. Түсінікті тыңдаушының зердесіне қалдырып, астарлап сөйлеу мәдениеті қазақша ойлау тәсілінің жоғарғы деңгейіне жатады. Біздің ойымызша, қазақша ойлаудың екі деңгейі бар: бірі – көпшілікке түсінікті жалпақ тіл, екіншісі, сөз мәдениетін меңгерген, ұлағатты ойды қабылдау мүмкіндігі мол зиялы қауымның тілі. Абай болса қазақша ойлаудың осы екінші деңгейін қолданған.

Абай дүниетанымындағы Алла мен адам болмысы бұрын-соңды арнайы зерттелмеген тақырып. Неге десеңіз, абайтану ілімі әуел баста дұрыс-ақ басталғанмен, келе-келе сан алуан саққа түсіп, саяси қағидалар шырмауына ілікті. Бұл том-томдық тарихы бар үлкен мәселе. Ол материалдар «Абай» журналында үзбей жарияланып келеді.

Абай туралы, оның дүниетанымы туралы айтыс-тартыстарды, зерттеулерді сұрыптай отырып, Абай тану білімінің үш кезеңнен тұратынына көзіміз жетті. Бірінші кезең – Абайдың көзі тірі кезеңінен басталады. Бұл мәселеде көш бастаған Әлихан Бөкейханов. Ол Петербургтен 1903 жылы басылып шыққан (көлемі 478 б.) «Киргизский край» деген кітабында Абай туралы жазған. Одан кейін акын дүниеден өткенде оған орыс тілінде некролог жазған да Әлихан Бөкейханов (Абай. 1992. № 2, 23-24-бб.).

Одан кейінгі кезде, жиырмамыншы жылдардан бері қарай абайтанудың

екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңде Абайдың мұрасын зерттеуде объективті түрде басталған таным дәстүрлері бұзылды. Абайтану біліміне саясат араласты.

Абайтанудың екінші кезеңі Мұхтар Әуезовтің есімімен байланысты. Одан өзге Абай туралы өте құнды пікір айтқан Құдайберген Жұбанов, Ыдырыс Мұстанбайұлы т.б. болды. Мұхтар бар өмірін толық Абайға арнаған адам. Ол екі мәселені қатар алып жүруге мәжбүр болды. Бірі – өзі оқыған Әлихан, Ахмет, Міржакып, Мағжандардың Абай туралы ой-толғамдары. Екінші, Абай мұрасын зерттеуде социалистік идеология принциптерін ескеру. Міне, Мұхтардың алдында осындай дилемма тұрған. Заман өз дегенін жасады. Абайдың социализмге хакімдігінен оның ағартушы болғаны қолайлы болды. Сонымен хакім Абай ағартушы Абай болып шыға келді. Мұхтар да Абайды ағартушы деп жазды. Өйткені өзге амал жоқ-ты. Атеизм мемлекеттік идеология болған заманда Абай дүниетанымындағы Алла тағала туралы, оның адаммен тұтастығы, бірлігі туралы айтуға мүмкіншілік үнемі бола бермеді. «Қырағы көздер» Абайды тануда еркіндікке жол бермеген. Абайдың хакімдігі қажетсіз болып, оның мұрасынан теңізден қармақпен балық аулаған балықшыдай ағартушылыққа қатысты пікірлері сүзіліп алына бастады. Себебі, ағартушылық идеясы социализмге жақын, тіптен оның саяси алғышарттарының бірі болатын. Сөйтіп, Абайды өзімізге, яғни социализмге жақындатып, оның әсіресе, саясаттандырылған тұлғасын жасадық.

Сонымен біз Абайдың дүниетанымының бір-ақ қыры – оның ағартушылығын ақынның бүкіл дүниетанымының мазмұны деп дәлелдеумен болдық. Ал нағыз Абай өз заманын тосып жатты.

Абайды тану халқымыздың асыл перзенттерінің қайта оралуынан, 1988 жылдан басталды. Осы жылы Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектер ақталды. Бұл абайтанудың үшінші кезеңінің басы еді. Мұны абайтанудағы ренессанс десек те болады. Себебі, біз Абай туралы Әлихан бастаған топтың айтқандарын жаңартып отырмыз. Бұл бір. Екіншіден, Абай арқылы сол Әлихан, Ахмет бастаған ұлы топты тану мүмкіндігі туып отыр. Бұл – қазақ мәдениеті мен философиясының ренессанстық көрінісі.

Олай дейтініміз, Абай дүниетанымын зерттеудің ұлттық философия тарихы үшін аса қажетті іс екендігі сөзсіз. Себебі, Абайдың поэзиясы мен кара сөздерінде қолданған ұғымдары мен түсініктері, сөзсіз ұлттық философияның ұғымдары мен түсініктері деуге әбден болады.

Абайдың Алла туралы түсінігін оның хакімдігі тұрғысынан қарастыру керек. Алла ислам философиясының басты ұғымы. Абай Аллатану туралы ілімді магрифатулла дейді. Абай Алла және оның адаммен тұтастығы туралы өмірінің соңғы кездеріндегі шығармаларында жиі айтқан. Абай дінтану мен Алла тағаланы тануды бір нәрсе деп қарамаған. Оның пікірлері қазіргі біз айтып жүрген теология дегенге жақындайды. Олай дейтініміз, исламда «калам» деген бар. Калам құдай сөзі және оны түсіндіру туралы

білім батыстың «богословие» (құдай туралы ілім) дегеніне жақындайды. Оны Абай жетік білген, бірақ каламның бар қағидаларын қабылдамаған. Абайға ислам философиясының айтулы әсер еткен ағымы – суфизм.

Абай Алланы абсолютті шындық, адамзатты жаратушы деп мойындап, оның болмысына еш күдік келтірмеген. Ол «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас», - деп нақты түйіндеген. Бұл – бір проблема. Екіншіден, мәселе тек Алланы тану ғана болса, Абайдың ақындығы да, хакімдігі де схоластикаға айналып кетер еді. Абай ең алдымен ақын, демек оның поэзиясының өзегі – адам. Ол адамның қызметшісі. Өлеңдерін адам үшін жазған. Сондықтан Алланы тану Абай ұғымында адамның қажеттілігінен туындаған мәселе. Олай болса, Алла тағала мен адам болмысының байланысы, тұтастығы неде деген сұраққа ақын шығармашылығынан жауап іздеу басты проблема. Біздің зерттеуіміздің концепциясы осы.

Абай хакім болғандықтан, өзі айтпақшы, ол әр нәрсенің себебін іздеуші. Ақын ұғымында Алла адамға дейінгі бар ақиқат. Сонда адам ақылымен өзіне дейінгі ақиқатты тани ала ма деген мәселеге келгенде Абай «Алланың растығын» мойындаумен тежеледі. Оның себебін Абай былай түсіндіреді: «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды».

Абайдың бұл пікіріне қарап, оны агностиктер қатарына қоса салуға әбден болды. Абайтанушы философтар солай қарастырған. Бірақ Абайдың Алланы танудағы ойының жалғасын Шәкәрімнің «Үш анығынан» тапқаннан



кейін, хакімнің (Абайдың) адамның ақылы өлшеулі дегенінің мәні туралы толығырақ түсінікке тап болдым.

Адамның танымының өзі себепке құрылған, дүниеде себепсіз ешнәрсе болмайды. Ал, Шәкәрім «себепсіз бар себеп болады» дейді. «Барлықтың түп себебі Жаратушының білім, құдірет шеберлігіне өлшем жоқ. Дәлелдерім: ғылым жолында бұл барлық өздігінен бар бола алмайды, қозғала да алмайды. Ол бар болайыншы, қозғалайыншы дей алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп керек болып, себептің түбі жоқ болады делінсе, ең түбі себепсіз, бар себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп Жаратушы болады».

Бұл идея Аристотель философиясына жақын. Барлық себеп Жаратушы, яғни құдайдың сөзі. Жаратушы себеп болса, оның сыры тылсым, яғни бізге беймәлім деген сөз. Кант тілімен айтсақ, адам тәжірибесінен тыс шындық.

«Себепсіз бар себеп» деген түсінікте Алла тағала өз себебі өзіндегі шындық деп айтуға мүмкіндік береді. Сонда оның адам болмысымен байланысы қайда қалады? Бұл сұраққа жауапты Абайдың өзінен табамыз. Ол Алла мен адам арасындағы байланысты махаббат деген. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», - дейді.

Махаббат Алла мен адам болмысының тек байланысы ғана емес, ол танымдық гносеологиялық ұғым. Адам Алласын тек бір-ақ жолмен, махаббат арқылы таниды.

Бұл адамды Алласына бастайтын жалғыз соқпақ. Басқа мүмкіндік жоқ. Сонда махаббат дегенің не?

Махаббат – гносеологиялық ұғым.

Абай да оны сол мәнде қабылдаған. Бірақ Алла тағала адамзатты махаббатпен жаратқанмен, оған нәпсі (өмірге құштарлық) берген. Нәпсі дегеннің шатастырмайтын ісі жоқ. Ол жүрген жерде шайтан семіріп өсіп-өнеді. Оны Абай «шайтанның шәкіртінің қылығын-ай» дейді.

Адам Ата мен Хауа Анамыздың пейіштен қуылуының себебі осы нәпсіге, яғни құмарлыққа байланысты болған іс. Абай ғашықтық пен нәпсіні бөлек қарастырған. Ол: «Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол. Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол» дейді.

Абай дүниетанымында махаббат пен ғашықтық бір ұғым емес. Махаббат Алланы тану жолы, ал ғашықтық ер мен әйел арасындағы сезім. Бірақ ғашықтық – суфистік философияда дүниетаным. Йассауи дүниетанымы оның Алла тағалаға ғашықтығы арқылы анықталады. Осы дүниетаным қазақтың ғашықтық жырларына өз ықпалын тигізген. Мысалы, сүйгені үшін құрбандыққа бару соның дәлелі. Қозы Көрпеш үшін Баян сұлу өзін-өзі құрбан етеді, т.б.

Қазақ дүниетанымында ғашықтық екі арнада көрінеді. Бірі – ғашықтық жырында, халықтың көркем санасында, екінші – философияда, каламда, Йассауидің хикметтерінде.

Алланы сүю деген адамзатты сүюді талап етеді. Адамның бәрі бір-біріне бауыр. Бұл Абай гуманизмі, оның хакімдігінің дәлелі. Бұл бір нәрсе. Екіншіден, Абайда «кәміл мұсылман» деген ұғым бар. Ол оның отыз бесінші сөзінде айтылған. Ол дүниеге барғанда құдай: қажы, молда, сопы, жомарт сияқтыларды бір бөлек, қарапайым еңбегімен күн көрген, құдайына

құлшылық етіп, мал тауып, бала бағып өмір сүрген жандарды бөлек қояды екен. Сонда Алла тағала мейірбандығын «кәміл мұсылмандарға» көрсетсе керек. Абай «кәміл мұсылман» деп қарапайым еңбек еткен адамды атаған.

Алла тағала адамға нәсіп береді, нәсіп береді. Бұл Алла әмірі. Әулиелер болса нәсіпін нәсіп етпей, тәрк етушілер. Ол дұрыс па? Абай оны дұрыс демеген. Оның қолдайтыны хакімдер және «кәміл мұсылмандар».

Абай бұларды пайгамбардың хадис шарифіне сүйеніп айтқан, онда: адамның жақсысы – адамға жақсылық жасаған адам. Бұл гамалус салих (ізгі іс).

Абайдың гуманизмі оның мұсылмандығы арқылы айқын аңғарылады. Оның бір дәлелі жоғарыда айтқан пайгамбардың хадисіндегі ой болса, екіншіден, Абай Алланың сегіз сипатын айта келіп, «адам, сен Алланың құлысың, бірақ өзіңнің мұсылман-мүсілім болып нақтылы берілгенің

рас болса, Аллаға ұқсауды мақсат ет», - дейді. Ол Аллаға ұқсау туралы айтқанда, адамның кемелденуінің шексіздігі туралы әңгіме бастаған.

Алла болмысын расқа шығаратын да адам. Адам болмаса Алланың растығы кімге және неге қажет? Осындай ойларды, идеяларды көтергені үшін біз Абайды хакім деп санаймыз. Демек, Абайды болмыстың мәні мен себебін анықтап, адамзатты түзу жолға салушылар қатарынан іздейміз...

Сөзімізді жинақтағанда айтарым, Абай ұлттық ойлаудың ерекше үлгісін ұсынған. Абай ұсынған ойлаудың үлгісі – хакімдік. Ол осы хакімдік арқылы ұлттық ойлауды әлемдік деңгейге көтерді. Абайдың хакімдігі Сократ, Платон, Аристотель дәстүріндегі – ойшылдық. Сондықтан, ұлттық ойлауды Абай көтерген деңгейден түсірмеу, абайтанушылардың бәрінің есінде болатын – қағида.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абай. 2-том. Алматы “Жазушы”, 1995. 57 б.
2. Абай. 1992. № 2, 23-24-бб.

**Резюме.** В статье автор подробно анализирует понятие «хаким» и рассказывает о способах исследования работы и мировоззрения Абая.

**Summary.** In the article, the author analyzes in detail the concept of “hakim” and talks about ways to study the work and worldview of Abay.